

Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арап аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 273 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қаңтарда № 5304 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арап аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 60 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арап аудандық мәслихатының 21.12.2016 № 60 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы, "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңдарына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы қаулысына сәйкес, Арап аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары бекітілсін.

2. "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" Арап аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 167 шешімінің (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізлімінде 4668 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2014 жылғы 21 мамырда № 36 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арал аудандық мәслихатының

кезекті қырық төртінші

сессиясының төрағасы

А. Садуақасова

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысының

жұмыспен қамтуды үйлестіру

және әлеуметтік бағдарламалар

басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

M.N. Делмұханов

"24" желтоқсан 2015 жыл

Арал аудандық

мәслихатының хатшысы

K. Данабай

Арал аудандық мәслихатының

2015 жылғы "24" желтоқсандағы

№ 273 шешімімен бекітілген

Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары

1. Осы Арал ауданындағы әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Әлеуметтік көмек Арал ауданы аумағында тұрақты тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санатарына көрсетіледі.

1. Жалпы ережелер

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарая бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатаң комиссия;

2) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

3) әлеуметтік келісімшарт – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының жұмыссыз, өз бетінше

жұмыспен айналысатын және табысы аз азаматтары қатарындағы жеке тұлға мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім;

4) ең төмен күнкөріс деңгейі – "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Қызылорда облысының статистика департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

5) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданың (облыстық маңызы бар қаланын) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган (Арал ауданының әкімдігі (бұдан әрі - ЖАО));

6) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

7) отбасыға көмектің жеке жоспары (бұдан әрі – жеке жоспар) – уәкілетті орган өтініш берушімен бірлесіп әзірлеген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) әлеуметтік бейімдеу бойынша іс-шаралар кешені;

8) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты – "Өрлеу" жобасына қатысу үшін отбасы атынан әрекет ететін еңбекке қабілетті жеке тұлға мен уәкілетті орган арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім;

9) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айна отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

10) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

11) "Өрлеу" жобасы – отбасының (адамның) еңбекке қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысуы және қажет болған жағдайда, еңбекке қабілеттілерін қоса алғанда, отбасы мүшелерінің (адамның) әлеуметтік бейімделуден өтуі шартымен отбасына (адамға) шартты ақшалай көмек беру бағдарламасы;

12) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Арал аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

13) уәкілетті ұйым - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы - "Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы" департаменті Арал аудандық бөлімшесі;

14) участелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін қала, кент, ауылдық округ әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

15) шартты ақшалай көмек (бұдан әрі – ШАК) – отбасының белсенделігін арттырудың әлеуметтік келісімшарт талаптары бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан төмен жеке тұлғаларға немесе отбасыларға мемлекет беретін ақшалай нысандағы төлем;

16) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Ескерту. 3-тармақта өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы Арас аудандық мәслихатының 03.08.2016 № 32 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Осы қағидалардың мақсаты үшін әлеуметтік көмек ретінде ЖАО мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) атаулы күндер мен мереке күндеріне орай және өмірлік қызын жағдай туындағанда ақшалай нысанда көрсететін көмек, сондай-ақ "Өрлеу" бағдарламасы бойынша шартты ақшалай көмек пен қосымша әлеуметтік қолдау көрсету болып табылады.

5. "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес әлеуметтік көмек осы қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

7. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі:

1) Ұлы Отан соғысы қатысуышылары және мүгедектері;

2) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысуышыларға теңестірілген адамдар, оның ішінде:

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге түрмаған жесірлері;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысуышылар,

атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан – Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жук жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуларап жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар;

3) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар, оның ішінде:

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтегу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер;

әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындаудына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар;

4) женілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары, атап айтқанда:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен

марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталмаған адамдар;

5) "Отан", "Данқ" ордендерімен наградталған, айырымның ең жоғары дәрежесі – "Халық қаһарманы" атағына, Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие болған азаматтар;

6) мүгедектер, мүгедек баланы тәрбиелеушілер, үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балалар;

7) саяси құғын-сүргін құрбандары, мүгедек болып қалған немесе зейнеткөр болып табылатын саяси құғын-сүргіннен зардал шеккен адамдар;

8) көп балалы отбасылар, атап айтқанда:

"Алтын алқамен", "Күміс алқамен" марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен марапатталған көп балалы аналар;

бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар көп балалы отбасылар, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін олар оқу орнын бітіретін уақытқа дейін (бірақ әрі дегенде жиырма үш жасқа толғанға дейін);

9) жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілері;

10) жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылар;

11) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезден емделудің сүйемелдеу сатысындағы азаматтар;

12) гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гематологиялық аурулармен диспансерлік есепте тұратын балаларға;

13) әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал топтарынан білім алушы студенттер, атап айтқанда:

бала кезінен мүгедектер, мүгедектер, даму мүмкіндіктері шектеулі балалар;

жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілері;

көп балалы отбасылардың балалары;

ата-анасының екеуі де зейнеткөр болып табылатын балалар;

ата-анасының екеуі немесе біреуі I және II топтағы мүгедек болып табылатын балалар;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан,

сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар;

оралмандардың отбасылары.

8. Адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;
- 2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі;
- 3) жетімдік;
- 4) ата-анасының қамқорлығынсыз қалу;
- 5) дene және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктерімен байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;
- 6) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағы қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;
- 7) мүгедектік;
- 8) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қызылорда облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын табыстың болуы негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде аудандық мәслихат бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

9. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындаиды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

10. Атаулы күндер мен мерекелік күндерге әлеуметтік көмек келесі мөлшерде :

1) 9 мамыр – Женіс күніне орай:

Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстая орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде;

ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде жарапануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге – 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдарға – 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталмаған адамдарға – 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде көрсетіледі.

2) 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай:

саяси қуғын-сүргін құрбандарына, мүгедек болып қалған немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдарға – 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде көрсетіледі.

3) 15 ақпан – Ауғанстан аумағынан совет әскерлерін шығару күніне орай:
бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендеге); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілеріне;

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда әскери міндеттің өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілеріне;

әскери міндеттің орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттің орындаудына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдарға – 30 айлық есептік көрсеткіш;

4) 26 сәуір – Чернобыль АЭС-інде апатқа ұшырағандарды еске алу күніне орай:

1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға, сондай-ақ, Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға – 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі;

5) 29 тамыз – Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күніне орай:

Азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға – 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

11. Жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік қолдау келесі мөлшерде:

1) Ұлы Отан соғысына қатысуышылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (куйеулеріне), екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына жылына бір рет – 40 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерде;

2) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдарға, оның ішінде:

ұрыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттің өтеу кезінде жарапануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан мүгедек болған немесе ұрыс қымылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттің орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге жылына бір рет – 40 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерде;

3) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғыс қатысуышыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына, атап айтқанда:

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметті үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен марапатталған адамдарға жылына бір рет – 30 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерде;

4) "Отан", "Данқ" ордендерімен наградталған, айырымның ең жоғары дәрежесі – "Халық қаһарманы" атағына, республиканың құрметті атақтарына ие болған азаматтарға ай сайын – 1,9 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерде көрсетіледі.

12. Үйден тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек білім беру кезеңіне тоқсан сайын – 9 айлық есептік көрсеткіштен артық

емес мөлшерде көрсетіледі.

13. Өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қызылорда облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына тұрмыстық қажеттіліктерге әлеуметтік көмек жылына бір рет – 10 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерде көрсетіледі.

14. Мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымның тізімі бойынша осы ұйымнан шығарылған, туберкулезден емделудің сүйемелдеу сатысындағы азаматтарға, қосымша тамақтануға әлеуметтік көмек ай сайын – 10 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерде көрсетіледі.

15. Гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гематологиялық аурулармен диспансерлік есепте тұратын балаларға дәрі-дәрімек сатып алуға әлеуметтік көмек ай сайын – 7,6 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде көрсетіледі.

16. Орта білім алғаннан кейін "Бакалавр" академиялық дәрежесін алу үшін, жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған "Магистр" академиялық дәрежесін алу үшін және Қазақстан Республикасының медициналық білім және ғылым ұйымдарында резидентурада медицина кадрларын дайындау үшін, өнірге қажет мамандықтар бойынша, әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобы қатарынан, құнтізгі оқыту нысаны бойынша білім алатын студенттерге оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмек аудан жастарына тағайындалады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Арап аудандық мәслихатының 03.08.2016 № 32 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

17. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтірілген жағдайда не әлеуметтік мәні бар аурулары болған жағдайда, өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Қызылорда облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен азаматтарға әлеуметтік көмек жылына бір рет, әрбір отбасы мүшесіне – 40 айлық есептік көрсеткіш, бірақ 150 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленген шекті шамадан аспайтын мөлшерде көрсетіледі.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

18. Атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

19. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе қала, кент, ауылдық округ әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) Осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қызын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін тұпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың тұпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

20. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе қала, кент, ауылдық округ әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

21. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе қала, кент, ауылдық округ әкіміне жібереді. Қала, кент, ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

22. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

23. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

24. Уәкілетті орган участекелік комиссиядан немесе қала, кент, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

25. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні

ішінде әлеуметтік көмек көрсете қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

26. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті күжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған күжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсете қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсете не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 22 және 23-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе қала, кент, ауылдық округ әкімінен күжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсете не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

27. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

28. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

29. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы Қызылорда облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

30. Адамның (отбасының) орташа есеппен жан басына шаққандағы табысын есептеуді уәкілетті орган "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө бүйріғына сәйкес жүргізеді.

4. "Өрлеу" жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті көрсете тәртібі

31. ШАК еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің (адамның) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысуы және қажет болған жағдайда, еңбекке қабілеттілерін қоса алғанда, отбасы мүшелерінің (адамның) әлеуметтік бейімделуден өтуі шартымен отбасыға (адамға) беріледі.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын және ШАК төленетін кезеңде атаулы әлеуметтік көмек төлеу тоқтатылады.

32. Отбасының әрбір мүшесіне (адамға) арналған ШАК мөлшері отбасының (

адамның) жан басына шаққандағы табысы Қызылорда облысы бойынша белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайзызы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

33. Жан басына шаққандағы орташа табыс ШАК тағайындауға жүгінген айдың алдындағы тоқсанда алынған жиынтық табысты отбасы мүшелерінің санына және үш айға бөлу арқылы есептеледі және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын мерзім ішінде қайта қаралмайды.

Отбасының құрамы өзгерген жағдайда, ШАК мөлшері көрсетілген мән-жайлар орын алған кезден бастап, бірақ оны тағайындаған кезден кейін ғана қайта есептеледі.

ШАК отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын мерзімге беріледі және үміткердің өтініші бойынша ай сайын немесе үш ай үшін бір мезгілде төленеді.

ШАК-тың біржолғы сомасы бұрынғы қарыздарды өтеуге, тұратын жылжымайтын мүлік сатып алуға, сондай-ақ сауда саласындағы қызметтерді жүзеге асыруға арналған шығындардан басқа, әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттерді орындауға байланысты іс-шараларға ғана, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға (үй малын, құсын және тағы басқаны сатып алу), жеке кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға қолданылуға тиіс.

34. Үміткер "Өрлеу" жобасына қатысу үшін жеке өзінің немесе отбасының атынан тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға немесе ол болмаған жағдайда ауылдық округ әкіміне жүгінеді.

35. Уәкілетті орган не ауылдық округ әкімі үміткерге "Өрлеу" жобасына қатысу шарттары туралы консультация береді және үміткер қатысуға келісім берген жағдайда әнгімелесу жүргізеді.

Әнгімелесу жүргізу кезінде:
үміткердің ШАК алуға құқығы;
отбасы мүшелеріне олардың жеке мұқтаждықтары ескеріле отырып көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің түрлері;
жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шаралары айқындалады.

Әнгімелесу нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес әнгімелесу парагы ресімделеді.

36. Әнгімелесу парагына қол қойған үміткер "Өрлеу" жобасына қатысуға осы Қағидаларға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша өтініш пен отбасылық және материалдық жағдайы туралы сауалнама толтырады, оған мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отбасы құрамы

туралы мәліметтер;

- 3) отбасы мүшесіне (қажет болған кезде) қамқоршылықтың (корғаншылықтың) белгіленгенін растайтын құжат;
- 4) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат немесе мекенжай анықтамасы немесе ауылдық округ әкімінің анықтамасы;
- 5) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәліметтер.

37. Уәкілетті орган немесе ауылдық округ әкімі құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде іс макетін қалыптастырады және "Өрлеу" жобасына қатысуға үміткер етініш берушінің материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияларға береді.

38. Участекелік комиссиялар құжаттар келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушінің материалдық жағдайына тексеру жүргізеді, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша участекелік комиссияның қорытындысын дайындайды және оны уәкілетті органға немесе ауылдық округ әкіміне береді.

39. Ауылдық округ әкімі өтініш берушілердің құжаттарын участекелік комиссияның қорытындысымен қоса, олар қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға береді.

40. Уәкілетті орган:

1) құжаттарды ауылдық округ әкімінен немесе участекелік комиссиядан алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде өтініш беруші ұсынған өтініштің, құжаттардың электрондық көшірмелері бар өтініш берушінің электрондық іс макетін қалыптастырады, отбасының әрбір мүшесіне арналған ШАК-тың айлық мөлшерін айқындауды;

2) ШАК-ке құқығы айқындалғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 43-тармағында көзделген жағдайларды және 1, 2-топ мугедектерін, оқушыларды, студенттерді, тыңдаушыларды, курсанттарды және күндізгі оку нысанындағы магистранттарды қоспағанда, өз бетінше жұмыспен айналысушылар, жұмыссыздар санатына жатқызылған өтініш берушіні және (немесе) отбасы мүшелерін "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Занына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысуға әлеуметтік келісімшарт жасау үшін жұмыспен қамту орталығына жібереді не жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларына жолдама береді.

Бұл ретте, уәкілетті орган жіберілген адамдардың тізімін жұмыспен қамту орталығына береді. Жұмыспен қамту орталығы үміткерлердің тізімін алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей әлеуметтік келісімшарт (

келісімшарттар) жасасады және әлеуметтік келісімшарттың (келісімшарттардың) көшірмесін уәкілетті органға жібереді;

3) әлеуметтік келісімшарттың (келісімшарттардың) көшірмесін алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіні және (немесе) оның отбасы мүшелерін жеке жоспарды және денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін нысандарға сәйкес отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау үшін шақырады;

4) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты жасалған күні ШАК тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды және ШАК тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, өтініш берушіге бас тарту туралы (себептерін көрсете отырып) хабарлама жібереді.

41. ШАК тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама өтініш беруші уәкілетті органға немесе ауылдық округ әкіміне өзі келген кезде беріледі.

42. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты бір жылға , бірақ отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделуін ұзарту қажет болған және (немесе) отбасының еңбекке қабілетті мүшелері кәсіптік оқуын аяқтамаған және (немесе) жастар практикасынан өткен және (немесе) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтылған жағдайда бір жылдан асырмай алты айға ұзарту мүмкіндігімен жасалады.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты ұзартылған жағдайда, ШАК мөлшері қайта қаралмайды.

43. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысу: стационарлық, амбулаторлық емделу (тиісті медициналық ұйымдардан растайтын құжаттар ұсынған кезде) кезеңінде; жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысатын негізгі үміткерден (үміткерлерден) басқа, адамдардың үш жасқа дейінгі балаға, он сегіз жасқа толмаған мүгедек балаға, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мүқтаж бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, сексен жастан асқан қарттарға күтім жасауды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін міндетті шарт болып табылады.

5. Көрсетілетін әлеуметтік көмек пен ШАК-ті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

44. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің шегінен тыс тұракты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

ШАК төлемдері:

1) "Өрлеу" жобасына қатысушының отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты мен әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындауы;

2) жалған мәліметтер беруіне байланысты отбасының белсенділігін арттыру әлеуметтік келісімшартының бұзылуы;

3) алушының банктік шоты бойынша үш айдан астам қозғалыстардың болмауы;

4) ШАК алушылардың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісі туралы мәліметтердің, оның ішінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан анықталуы;

5) қайтыс болған немесе қайтыс болды деп жарияланған адамдар туралы мәліметтердің, оның ішінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан келіп түсүі;

6) жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтіп кетуі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы ұсынатын хабарсыз кеткен, іздеуде жүрген адамдар фактісінің, оның ішінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан анықталуы;

8) қамқоршылықтан (қорғаншылықтан) босатылған және шеттетілген адамдар туралы мәліметтердің түсүі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті және ШАК-ті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

45. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

6. Әлеуметтік көмек және ШАК-ті төлеу және қаржыландыру

46. Әлеуметтік көмек және ШАК ақшалай нысанда тиісті банк операциялары турлеріне лицензиялары бар үйымдарда ашылған банк шоттарына аудару жолымен екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырылады.

47. Әлеуметтік көмек тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы занда бекітілген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгерісін ескере отырып төленеді.

48. Әлеуметтік көмек пен ШАК беруге шығыстарды қаржыландыру ауданның

бюджетінде көзделген ағымдағы қаржылық жылға арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

7. Қорытынды ереже

49. Элеуметтік көмек пен ШАК көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" және "Әлеуметтік көмек" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына

1-қосымша
нысан

Отбасыны тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекенжайы, тел.)

P/c №	ЖСН	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туган жылы

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____
Отбасының құрамы туралы мәліметтерді күәландыруға уәкілетті органның лауазымды адамының Т.А.Ә. _____
(қолы)

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына

2-қосымша
нысан

Әмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмекке немесе "Өрлеу" жобасына қатысуға өтініш берушінің мұқтаждығын айқындауға арналған участкелік комиссияның тексеру

АКТІСІ

20_ж. "___" _____

(елді-мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

2. Тұратын мекенжайы _____

3. Жұмыс орны, лауазымы _____

4. Отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы _____

5. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған өмірлік қызын жағдай _____

6. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____ адам, оның ішінде

P/ с	Т.А.Ә №.	Тұган күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оку орны)	Озін-өзі жұмыспен қамту	Жұмыссыз ретінде жұмыспен қ а м т у органдарында тіркелгені туралы деректер	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендегі _____ адам.

Балалардың саны: _____ жоғары және орта оку орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам, оку құны жылына _____ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне тенестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек)

7. Баспана жағдайы (жатақхана, жалдамалы, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше – көрсету керек): _____

Тұрғын үйді ұстауға жұмсалатын шығыстар айына: _____

8. Отбасының табыстары:

Р/Табысы бар отбасы с мүшелерінің (оның ішінде № өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Откен тоқсандағы табыс сомасы (тенге)	Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы участке, малы және құсы), саяжай және жер участкесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
		ортатоқсанға есеппен айна	

9. Мыналардың:

автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылды, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) _____

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) _____

10. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

11. Мұқтаждықтың көрініп тұрған белгілері (жиһаздың, тұрғын үйдің, электр желілерінің жағдайы, т.б.) _____

12. Әл-ауқатын көрсететін белгілер (жерсеріктік антенна тәрелкесі, аа баптағыш, қымбат жаңа жөндеу, т.б.) _____

13. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы

14. Участкелік комиссияның басқа да байқағандары: _____

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым: _____

(өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы)

Тексеру жүргізілуден бас тартамын _____

өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні
(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындау қагидаларына З-
қосымша
нысан

Участекілік комиссияның №__ қорытындысы

20 ____ ж. ____

Участекілік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу
және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау
қагидаларына сәйкес _____

(өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек, шартты
ақшалай көмек – көрсету керек)

алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар
және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру
нәтижелерінің негізінде отбасыға (адамға) _____

(өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек, шартты
ақшалай көмек – көрсету керек)

ұсыну _____

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

туралы қорытынды шығарады.

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері:

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Корытынды

қоса берілген құжаттармен __ данада

20__ ж. "__" ____ қабылданды

Құжаттарды қабылдаған қала, кент, ауылдық округ әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы _____

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындау қағидаларына 4-
қосымша
нысан

"Өрлеу" жобасына қатысу үшін әнгімелесу парагы

Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманының Т.А.Ә. _____

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізінде
шартты ақшалай көмек алуға жүгінген күн _____

Отбасының (жалғыз тұратын азаматтың) сипаттамасы: _____

Отбасының жұмыс істемейтін ересек мүшелерінің еңбек қызметі (жұмыс орны, лауазымы, жұмыстан шығу себептері):

Отбасы мүшелері	Кәсібі жұмыстан шығу себептері	Соңғы жұмыс орны, жалпы жұмыс өтілі	Соңғы жұмыс орнындағы жұмыс өтілі	Еңбек дағдылары мен шеберлігі	Жұмыссыздық кезеңінің үзақтығы
Өтініш беруші					
Зайыбы (жұбайы)					
Басқа ересектер					

Еңбек қызметінің мүмкіндіктері (пікір):

Өтініш беруші: _____

Зайыбы

(жұбайы): _____

Отбасының басқа да ересек мүшелері: _____

Отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас _____

Отбасындағы қыындықтар _____

Отбасының мүмкіндіктері (әлеуеті) – жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманының бағасы _____

Проблемалар, аландашылық (бүгінгі күннің қыындықтары), не кедергі келтіреді _____

Отбасының (жалғыз тұратын азаматтың) қалауы _____

Басқа _____

Тараптардың қолы

Жұмыспен қамту және әлеуметтік Қатысуши (лар)
бағдарламалар бөлімі

_____ (қолы)
_____ (куні)

_____ (қолы)
_____ (куні)

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындау қағидаларына 5-
қосымша
нысан

"Өрлеу" жобасына қатысуға өтініш

Арал аудандық жұмыспен қамту,
әлеуметтік бағдарламалар
және азаматтық хал актілерін тіркеу
бөліміне

(елді мекені, ауданы)

(көше, үй және пәтер №, телефон)
мекенжайы бойынша тұратын

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)
жеке куәлік № _____

берілген күні _____

ЖСН _____

Өтініш

Мені (менің отбасымды) жобаға қабылдауды және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізінде шартты ақшалай көмек тағайындауды сұраймын.

Осы арқылы жобаға қатысу зандалығын бағалау үшін менің отбасымның мүшелері туралы ақпаратты (табыс, білім, негізгі қаражат) пайдалануға, сондай-ақ тиісті ақпаратты мемлекеттік органдарда тексеруге, сәйкестікке келтіруге және жаңартуға келісім беремін.

Мен берген ақпараттың құпия екендігі және ол әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру үшін ғана пайдаланылатыны туралы маған хабарланды.

Менің отбасым (мені қоса алғанда) _____ адамнан тұрады.

Отбасы құрамында өзгерістер болған жағдайда, ол туралы он бес жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Жалған ақпарат пен дәйексіз (жасанды) құжаттар бергенім үшін жауаптылық туралы маған ескертілді.

Мен атаулы әлеуметтік көмектен (отбасы атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылған жағдайда) бас тартамын және менің табыстарымды (менің отбасымның табыстарын) Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының базасындағы деректермен салыстырып тексеруге келісемін.

Құқығым болған жағдайда маған және менің отбасымның мүшелеріне бір мезгілде мынадай көмектерді көрсетуіңізді сұраймын:

тұрғын үй көмегі

арнайы әлеуметтік қызметтер

мүгедектерді жеке оналту шаралары (сурдотехникалық, тифлотехникалық, протездік-ортопедиялық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, ымдау тілі маманының, жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсету

жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша әлеуметтік көмек

"___" 20 ___ ж. _____

(күні) (өтініш берушінің қолы)

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметтік белгілері үшін

Кұжаттар қабылданды

"___" 20 ___ ж. _____

(күні) (құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

Отбасының тіркеу нөмірі ||

Өтініш қоса берілген құжаттармен "___" _____ 20__ ж. участелік комиссияға берілді.

" " 20 ж. қабылданды.

Құжаттарды қабылдаған участелік комиссия мүшесінің Т.А.Ә. және қолы _____ ;

Өтініш берушінің қолы _____

Қала, кент, ауыл, ауылдық округ экімінен құжаттардың қабылданған күні туралы уәкілдегі органның белгісі "___" 20___ ж.

Күжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы, қолы

(ҚИЮ СЫЗЫҒЫ)

Жалған ақпарат пен дәйексіз (жасанды) құжаттар бергенім үшін жауаптылық туралы ескеrtілді.

Азамат _____ өтініші қоса берілген _____
данадағы құжаттармен, отбасының _____ тіркеу нөмірімен "___" _____
20 ж. қабылданды.

Күжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы, қолы

Элеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындау қағидаларына 6-
көсімша
нысан

"Өрлеу" жобасына қатысуга өтініш берушінің отбасылық және материалдық жағдайы туралы сауалнама

Бір мекенжай бойынша тіркелген өтініш беруші мен отбасы мүшелері туралы мәліметтер:

Т.А.Ә.	Туған күні	Тұыстық катынасы	<p>Негізгі қызметі (жұмыс істеуші, жұмыс істейтін зейнеткөр, жасына байланысты зейнеткөр, мүгедек, жұмыссыз, бала күтімі бойынша демалыста, үй шаруасындағы әйел, студент, окушы, мектеп жасына дейінгі бала)</p> <p>Жұмыс істейтін адамдар үшін жұмыс орны және лауазымы, окушылар үшін казіргі уақыттағы оку орны</p> <p>15 жастан асқан адамдар үшін білімі (растайтын құжаты бар білімі)</p>

Отініш беруші				
Басқа мекенжай бойынша тіркелген отбасы мүшелері туралы мәліметтер (зайыбы/жұбайы, кәмелеттік жасқа толмаған балалары)				

Отініш берушінің және отбасы мүшелерінің шартты ақшалай көмек алуға өтініш берген айдың алдындағы 12 айдағы табыстары туралы мәліметтер (табыстың барынша дәл санын жазыңыз). Ақпараттық жүйелерден алынған деректер шартты ақшалай көмек сомасын есептеу үшін негіз болып табылады.

P/ с №	Отініш берушінің және отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Жұмыс, оку орны (жұмыссыз адам тіркеу фактісін жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілді органның анықтамасы негізінде табыстар растайды)	Күжаттармен расталған табыс сомасы	Өзге де мәлімделген табыстар							
				еңбек	кызыметінен	зейнетак-ылар, жәрдема-қылар	кәсіпкерлік	кызметтен	түскен	стипендия	алимент

Отбасының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайы:

тұрғын алаңы: _____ шаршы метр; меншік нысаны: _____;

ас үй, қойма және дәлізді есептемегендеге бөлмелер саны _____;

тұрғын үйдің сапасы (қалыпты жағдайда, ескі, авариялық жағдайда, жөнделмеген) _____;

қажеттісінің астын сызу

үйдің материалы (кірпіш, ағаш, қаңқа-қамыстан жасалған, саман, іргетасы жоқ саман, қол астындағы материалдардан салынған, уақытша баспана, киіз үй);
қажеттісінің астын сызу

тұрғын үйдің жайластырылуы (су құбыры, дәретхана, көріз, жылу, газ, жуыннатын бөлме, лифт, телефон және т.б.)

қажеттісінің астын сызу

Менің отбасымның мүшелеріне меншік құқығында тиесілі жылжымайтын мүлік пен мүлік, жер участесін, шаруа қожалығын, жеке қосалқы шаруашылықты иеленуі туралы мәліметтер:

Мүліктің түрі	Мүліктің (саны, көлемі, үлгісі және т.б.)	Сипаттамасы	Тиесілігі

Отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайы, мүгедектіктің, аурулардың болуы (тексеруден қашан және қайдан өтті, қандай ем қабылдайды, диспансерлік есепте

тұра ма), соңғы жылдары болған операциялар немесе жарақаттар:

өтініш беруші _____

зайыбы (жұбайы) _____

балалар _____

басқа да туысқандар _____

16 жасқа дейінгі мүгедек бала (16 жасқа дейінгі мүгедек балалар) алатын арнаулы әлеуметтік қызметтер: _____

Отбасының материалдық жағдайына Сіздің беретін бағаңыз:

тамақтануға да жетпейді

тамақтануға ғана жетеді

тамақтануға және бірінші қажеттіліктегі заттарға ғана жетеді

балаларды киіммен, аяқ киіммен және мектеп керек-жараптарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік жоқ

Өмірдегі қыын жағдайдан шығуды көздейтін қызметтің бағыттары (өтініш берушінің пікірі)

Сіз жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің қандай белсенді шараларына қатыса аласыз:

бос тұрған жұмыс орындарына жұмысқа орналасу;

іске асырылып жатқан инфракұрылымдық жобалардың шенберінде жұмыс орындарына орналасу;

микрокредит беру;

кәсіптік оқу (даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру);

әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасу;

"Жастар практикасына" қатысу;

әлеуметтік-экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден

әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары елді мекендерге және экономикалық даму орталықтарына қоныс аударуга қатысу.

(күні)

(Т.А.Ә.)

(қолы)

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның

мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындау қағидаларына 7-
косымша
нысан

Отбасының тіркеу нөмірі _____

Жеке қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәліметтер (
табыстарды есептеу үшін)

Жеке қосалқы шаруашылық объектісі	Өлшем бірлігі	Саны	Ж а с ы (үй малы, құс үшін)
Саяжай			
Бакша			
Жер участкесі, оның ішінде үй іргесіндегі жер участкесі			
Шартты жер үлесі			
Мұліктік пай (берілген жылы)			
Үй малы, құс:			
ірі қара мал: сиыр, бұка			
жылқы: бие, айғыр			
түье, інген			
кой, ешкі			
тауық, үйрек, каз			
шошқа			

Отініш берушінің қолы _____

Күні _____

Қала, кент, ауыл, ауылдық округ немесе
жеке қосалқы шаруашылықтың көлемі
туралы мәліметтерді растауға уәкілетті органның
өзге де лауазымды адамының Т.А.Ә. _____

(қолы)

_____ (тегі)